Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 МАУСЫМ БЕЙСЕНБІ | 2016 жыл №85 (19171) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

БҮГІН – ҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

«Террористік актінің салдарынан адамдардың құрбан болуына байланысты Қазақстан Республикасында Ұлттық аза тұту жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі

Ақтөбе қаласында жасалған террористік актінің салдарынан әскери қызметшілер мен азаматтардың қаза болуына байланысты Қазақстан Республикасында 2016 жылғы 9 маусымда Ұлттық аза тұту жариялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Н.НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 8 маусым №95

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қымбатты отандастар!

Өткен жексенбіде Ақтөбе қаласында діннің атын жамылған бір топ террорист елдің тыныштығын бұзды. Ол туралы баршаңыз білесіздер. Бірақ, мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы басталар сәтте қанды қылмыс жасағандардың арам ниеттері іске асқан жоқ. Құқық қорғау және қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері үлкен қатердің бетін қайтарды. Террористердің көпшілігінің көздері жойылды, бірқатары қолға түсті, қалғандарын тиісті органдар іздеп тауып, олар заңның ең қатаң талаптарымен жазаға тартылатын болады. Қазір халықтың аландауына ешбір негіз жоқ, жағдай толық бақылауға алынды.

Мен қайтыс болғандардың отбасыларына, туыстарына шын жүрегіммен көңіл айтамын. Қаза тапқан әскери қызметкерлер Отан алдындағы антына адал болып, ел қауіпсіздігі жолында өшпес ерлік көрсетті. Олардың ерліктері мемлекет тарапынан лайықты бағаланатын болады. Оның үстіне 4 азамат қайтыс болды, бәрі Ақтөбенің тұрғындары. Сондықтан, мен ертеңгі бейсенбі, 9 маусым күнін Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Қаза болғандардың артында отбасы, бала-шағалары қалды. Менің тапсырмам бойынша, оларға барлық қажетті көмектер жасалуда.

Тәуелсіздікті жариялау бар, ал оны қорғап, нығайту және дамыту одан да жауапты іс. Ел бірлігі, ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түсті революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол лаңкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп, байқап отырмыз.

Біріншіден, біз кез келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зұлымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамасақ, мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек.

Уважаемые казахстанцы!

Как вы знаете, 5 июня в Актобе совершена террористическая атака. Правоохранительные органы приняли необходимые меры по жесткому пресечению этой преступной акции, уничтожению и нейтрализации террористов. По моему поручению работает специальная межведомственная следственно-оперативная группа во главе с министром внутренних дел. Следствие ведётся под личным контролем Генерального прокурора. Все преступники будут привлечены к ответственности по всей строгости закона. По имеющимся данным, террористический акт организован приверженцами радикальных псевдорелигиозных течений, инструкции они получили из-за рубежа.

В результате нападения, к огромному сожалению, есть погибшие и раненые среди военных и гражданских лиц. У них есть семьи, дети. Выражаю глубокие соболезнования всем родным и близким погибших. Объявляю четверг, 9 июня, Днем общенациональным траура по погибшим. По моему поручению министерство внутренних дел и акиматы оказывают всестороннюю помощь семьям погибших и пострадавших.

Сотрудники органов правопорядка ценой своих жизней остановили террористов. Они проявили профессионализм, верность своему долгу, доблесть и патриотизм. Хочу особо отметить высокий уровень слаженности и оперативности действий сотрудников полиции и Национальной гвардии. В сложной ситуации жители Актобе проявили выдержку, не поддались панике и провокациям.

Экстремизм и терроризм угрожают безопасности не только нашей страны, но и всему миру. Казахстанцы с пониманием и ответственностью отнеслись к усилению антитеррористических мер, принимаемых правоохранительными органами во всех регионах страны. Сегодня повода для беспокойства наших граждан нет. Вместе с тем, призываю всех казахстанцев быть бдительными, решительно пресекать все призывы к насильственным противоправным действиям, повсеместно помогать правоохранительным органам.

Пользуясь либеральностью государственной политики и наших законов, кое-кто захотел проверить государственную власть на прочность. Заявляю, что мы всегда будем принимать самые жёсткие меры для подавления экстремистов и террористов. Для этого у государства есть все возможности и силы. Мы все знаем, что так называемые «цветные революции» имеют различные методы и начинаются с надуманных митингов, убийств, стремления захватить власть. Эти признаки проявились и у нас. В странах мира, где прошло такое, сегодня нет ни государства, ни стабильности, там царят нищета и бандитизм, созданы условия для появления экстремистов и террористов. Экономика этих стран отброшена на десятки лет назад.

Призываю весь народ, все политические и общественные объединения сплотиться и показать, что мы защитим наш мир, стабильность и дружбу всех казахстанцев! Государство примет дополнительные меры по борьбе с теми, кто пытается расшатать общество и страну. Мы специально их рассмотрим и подведем итоги.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Қазір – нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім – ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз.

Мен Қазақстан халқы дүниедегі дағдарыс және бүгінгідей жауапты шақта тағы да барша әлемге елдігі мен бірлігін паш етеріне сенемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

БЕЙБІТ КҮННІҢ БЕРЕКЕСІН ТІЛЕЙІК

Өткен жексенбіде ел назары Ақтөбеге ауды. Рақымы мол Рамазан айының басталуына санаулы сағаттар қалғанда осы қалада террорлық және қарақшылық бағыттағы келеңсіз оқиғалар орын алды. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бүкіл ел жұртшылығы, қала берді, алыс және жақын шетелдер құлақтанды. Ел тұнығын лайлап, тынышын шайқағысы келгендер бейбіт адамдарға қару кезеді, бейкүнә жандар ажал құшты. «Қазаны бөлссе – азаяды» деген бар. Күллі ел Ақтөбедегі терактіде оққа ұшқан құқық қорғаушылар мен әскери азаматтардың, бейбіт тұрғындардың туған туыстарының қайғысына ортақ.

Мемлекетіміздің Ата Заңынан бастап кез келген заңнамалық актілер мен құжаттарындағы ең басты басымдық – ұлттық қауіпсіздік, ал басты құндылық – халық, Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігі екендігі белгілі. Жалпы, мұндай оқиғалардың болуына не себеп, не мақсатпен жүзеге асты деген сұрақ бәрімізді мазалайтыны сөзсіз. Мұндай жағдайлар жайдан-жай туындай салмайды, оның саяси астары болуы да әбден мүмкін. Әрине, сыртқы күштер, оның ішінде халықаралық заңсыз, экстремистік ұйымдардың біздің еліміздің мүддесін ойламасы анық, ендеше, сақтық әр уақытта керек. Жалпы қоғам тарапынан айтылып жатқан заладлы істерді айыптай отырып, оларды болдырмаудың нақты механизмдерін жасап, елімізді дамытып, алға апару үшін ел болып, халық болып бірге күш жұмсап, іс-қимылға бірігуіміз қажет.

Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсіне білетін адамға еліміздің қол жеткізген жетістіктері аз емес. Дін мен дәстүрді қатар бағалап, тарихты білу, білімді болу, заман талабына сай еңбектену – бүгінгі жастар алдында тұрған басты міндет. Өткенін мансұқтап, бөтеннің жылтырағына алданған балаларымыздың да мәселесі бәріміз үшін ортақ. Өйткені, экстремизммен күресу мәселесі – адамзат, халық болып шешілетін нәрсе.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ – ТҰҒЫРЫМЫЗ

Қасиетті Рамазан айы басталған сәтте қанды қылмыс жасағандардың әрекетін барша қазақстандық айыптауда. Террористердің ел ішіне бүлік салу жөніндегі арам ойлары іске аспай, оларға шұғыл тойтарыс берілді. Сондықтан олардың бұл әрекеті қатаң жазасын алады.

Бүгінгі таңда әлемдегі жағдайлар үлкен өзгерістерге ұшырап жатыр. Бұл кез келген мемлекеттің күтпеген жағдайларға дайын болуын талап етеді. Баршамыз еліміздегі тұрақтылықты сақтау жолында күш біріктіріп, тыныштықты бұзуға жол бермеуге тиіспіз. Бізге бейбітшілік пен татулық, тыныштық аса қымбат.

Мемлекет басшысының аталған оқиғаларға байланысты Мәлімдемесін барша қазақстандықтар қуаттауда. "Қазір – нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім – ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз" делінген Мәлімдемеде.

Бірлігі мен тірлігі жарасқан елдегі тыныштықты бұзуға жол берілмейді. Ол – Отанын сүйетін әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.

Қуанышқали ШАПШАҢОВ,
Қызылорда облысының құрметті қайраткері.

БАСТЫ НАУҚАННЫҢ БАРЫСЫ ОЙДАҒЫДАЙ

Облыстық баспасөз орталығында облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиында Серік Салауатұлы көктемгі егіс науқанына жүргізілген дайындық жұмыстарына тоқталды.

Биылғы егіс науқанына аймақтағы ауыл шаруашылығы құрылымдары біршама дайындықпен келді. Өткен жылы 163,8 мың гектар жерге дән себілсе, үстіміздегі жылы 162,6 мың гектарды құрайтын егіс алқабына егін егу жоспарланып отыр. Облыс әкімінің егіс көлемін әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күздік бидай – 2,5, жаздық бидай – 1,8, дәнді жүгері – 40, тары – 12, жоңышқа – 6, картоп – 13, көкөніс – 4 және бақша дақылын – 9,6 пайызға артық егу жоспарланған болатын. Ал аймағымызда негізгі дақыл саналатын күріштің көлемі 76,3 мың гектар жерге себіледі деп межеленген еді. Нәтижесінде егін науқаны барысында егістікке қажетті 160 тонна күздік және 630 тонна жаздық бидай, 27 тонна арпа, 162 тонна мақсары, 195 тонна жоңышқа мен 22601 тонна күріш тұқымы пайдаланылды.

Сапалы өнім алуда сорттың жаңартудың ролі ерекше. Сондықтан егілетін өнім сортын ауыстыру, жаңарту жұмыстарын жүргізу мақсатында облыстық бюджеттен 75,5 млн теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде "Агрохолдинг Байқоңыр" ЖШС арқылы Краснодар өлкесінен күріштің "Лидер", "Фаворит" сорттарының 335 тонна элиталық тұқымы әкелініп, "Тан ЛТД" шаруашылығындағы 800 және "Төнкеріс және К" шаруашылығындағы 500 гектар жерге орналастырылды. Мұнан бөлек, күріштің экспорттық әлеуетін жоғарылату мақсатында, үстіміздегі жылы Қазақстан мен Иран Ислам Республикасы арасындағы келісім негізінде сұранысқа жоғары ирандық сорттардың 6 түрлі тұқымы әкелініп, сынақтан өткізу жұмыстары басталып кетті. Егер сынақ оң нәтиже берген жағдайда, алдағы уақытта күріш жармасын Иран еліне экспорттауға мүмкіндік мол.

Аймақ басшысының тапсырмасымен биыл әр гектарға төленетін субсидиялардың тоқтатылуына байланысты көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға бюджеттен 500 млн теңге қаржы бөлінді. Егіс алқаптарынан мезгілінен өнім алу мақсатында 42,6 мың тонна минералдық тыңайтқыштар пайдаланылуда. Көктемгі егіске барлығы 4 мыңға жуық техника жұмылдырылды. Оларға пайдаланылатын жанармайды тиімді бағамен жеткізу жұмыстары да өз шешімін тапқан. Бүгінгі таңда ерте егілетін дақылдар көлемі толығымен егілді.

Аймағымызда күріш егу жұмыстары күннің ерте жылуына байланысты белгіленген кестеге сәйкес, 30 мамыр күні аяқталып, 5- маусым күні толық суға батырылды. Биыл мамандар Сырдариядағы судың көлемі аз болады деп болжаған еді. Бұл едәуір алаңдатушылық тудырған болатын. Алайда, көктемде жаңын-шашын мол болып, дария деңгейі тұрақты сақталды. «Шардара» су қоймасындағы судың көлемі 5,2 млрд текше метрді құраса, «Көксарай» су қоймасында жиналған су көлемі 1,1 млрд текше метрге жетіп отыр. Жалпы, қоймаларда жиналған су көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 1 млрд текше метрге көп. Сондықтан, биылғы егіс алқаптарын толық сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік мол. Қазір облыс шекарасына келіп жатқан су көлемі секундына 780 текше метрді құрайды.

Серік Салауатұлы атқарылған жұмыстармен қатар алға қойған міндеттерге де тоқталды. Сапалы әрі мол өнім алу үшін оларға қауіп тудыратын зиянкестермен күресу жұмыстары да толастамайды. Облыс бойынша ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 161,2 мың гектарға жүргізіледі деп күтілуде. Бұл жұмыстарға республикалық бюджеттен 128 млн теңге қаржы бөлінді. Бүгінгі таңда аймақта итальяндық прус және азиялық шегіртке қоныстанған алқапқа "ҚазАвиа" ЖШС 5 аса жеңіл ұшақпен және "Өсімдік қорғау К" ЖШС 10 дана арнайы жер агрегаттарымен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуде. Мұнан бөлек ауыл шаруашылығы саласының зиянкесі саяқ шегірткеге қарсы 30 мың гектар егіс алқабы өңделеді. Бұл жұмыстарға да жергілікті бюджеттен 30 млн теңге қаржы бөлініп отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕКІНШІ КӨРСЕТКІШ

Елбасы жыл сайын халыққа арнаған Жолдауларында тұрғын халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оның ішінде баспанамен қамтамасыз ету қажеттігін баса айтып келеді. «Естеріңізде болса, әлемді дағдарыс шарпыған кездің өзінде де Қазақстан құрылысқа бөлінер қаржы көлемін ұлғайтып, жаңа жұмыс орны мен бизнеске қолайлы жағдай жасап бақты. Тап сол сияқты, жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысын жандандыруға көңіл бөлмекпіз» деген болатын. Осы орайда «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы аясында еліміз бойынша жыл сайын жалпы көлемі миллиондаған шаршы метр болатын тұрғын үй салу жоспарланғанын айта кеткен жөн.

Сыр өңірінде тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету туралы Елбасы тапсырмасы жоғары деңгейде орындалуда деп сеніммен айта аламыз. Оған өткен жылдың көрсеткіштері айқын дәлел бола алады. 2015 жылы облыста 460 мың шаршы метр тұрғын үй берілді. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артық. Мемлекет қаржысы есебінен салынған тұрғын үй көлемі 3,5 есеге, ал Қызылорда қаласындағы тұрғын үй құрылысы 8 есеге өсті, пәтерге кезекке тұрғандар саны 17 пайызға азайды. 2015 жылы облыста жалпы саны 4 мың 227 пәтер салынды. Жалпы, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде 2015 жылы тек мемлекет қаражаты есебінен 138,8 мың шаршы метр тұрғын үй, атап айтсақ, 1740 пәтерлі 42 үй пайдалануға берілді. Оған қоса, түрлі қаржы көздерінен зәулім үйлер тұрғызылса, жалпы аумағы 357 мың шаршы метр 2345 жеке тұрғын үй салынды.

Биыл да осы қарқынды сақтап қалу үшін «Қазақстанның ипотекалық компаниясы», «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры және «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкімен» тығыз жұмыс жүргізілуде.

– Соңғы үш жылда Қызылорда облысында 8901 пәтер салынып, тапсырылды. Бұл – жылдар бойы және баспана күткен, асыл армандарына жетіп, қоныс тойын тойлаған отбасының саны. Біз осы қарқынды биыл да сақтап қалу үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы», «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» және «Тұрғын Үй Құрылысы Жинақ Банкімен» қоян-қолтық жұмыс істейміз. Бұйыртса, биыл да былтырғыдан кем емес көлемде құрылыс жүреді, – деді осы ретте облыс әкімі Қырымбек Кошербаев.

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» арқылы «СПМК-70» шағын ауданында 270 пәтерлік 5 тұрғын үйдің, «Самұрық Қазына» жылжымайтын мүлік қорының бағдарламасы шеңберінде Шүкіров көшесінде 210 пәтерлік 6 тұрғын үй және Қызылорда қаласы Титов кентінде жас отбасыларға 180 пәтерлік 3 тұрғын үй құрылысы басталды. 14 үйдің құрылысы биыл аяқталады.

Осы орайда «Нұрлы жол», «Аумақтарды дамыту» бағдарламалары аясында облысымызда тұрғын үй құрылысы жыл сайын қарқын алып келе жатқанын ерекше атап өткен жөн. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» «Өз үйім» деп аталатын жаңа бағдарламасы Қызылорда облысынан бастау алды. Осы бағдарлама аясында Қызылорда қаласында 40 мың шаршы метрді құрайтын 12 көпқабатты тұрғын үй салынады.

Бағдарлама негізінде қаладағы «Сырдария» шағын ауданынан 100 пәтерлік 2 көпқабатты тұрғын үй бой көтерді. Ал қалған 500 пәтерді құрайтын 10 көпқабатты тұрғын үй жақадан бой көтеретін «Арай-3» шағын ауданында салынады. Бұл жыл ішінде «Өз үйім» бағдарламасы арқылы 600 қызылордалық баспаналы болады деген сөз.

– Жаңа бағдарлама біздің өңірден бастау алып отыр. Сондықтан «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» басшылығына алғыс айтқым келеді. Өткен жылы облыс орталығында тұрғын үй құрылысы 8 есеге артты. Биыл да бұл жұмыстар жалғасын табатын болады. Атқарылған жұмыстардың нәтижесін халық көріп отыр. Тек қана 2015 жылдың өзінде біз осы салаға 22 млрд теңге инвестиция тарттық. Биыл да бұл көрсеткіш кем болмайды, – деді аймақ басшысы.

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басшысы Айбатыр Жұмағұлов өз кезегінде «Тұрғын үй жинақ банкі арқылы тұрғын үй салу көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы үздік 3 аймақтың ішінде. «Өз үйім» бағдарламасын осы аймақтан бастауымыздың да себебі бар. Жергілікті басшылар құрылыс жүргізу үшін қажетті инфрақұрылымды дайындап, барлық жағдайды жасап отыр», - деп атап көрсетті.

Ал енді 2016 жылы салынатын тұрғын үйлер жайлы жалпы деректерді келтіріп өтелік. «Байтерек Девелопмент» АҚ желісі арқылы 102 мың ш.м. құрайтын 1520 пәтері бар 29 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Оның ішінде, үстіміздегі жылдың мамыр айында «СПМК-70» ауданында 18,4 мың ш. м болатын 270 пәтері бар 5 көпқабатты тұрғын үй құрылысы аяқталды. Жыл соңына дейін 83,6 мың шаршы метрді құрайтын 1250 пәтерлі 24 көпқабатты тұрғын үй құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. («Арай-3» ауданында 12 тұрғын үй (600 пәтер, 3,7 мың ш.м.), «Сәулет» ауданында 7 тұрғын үй (350 пәтер,21,7 мың ш.м.), «СПМК-70» ауданында 5 тұрғын үй (300 пәтер, 21,6 мың ш.м.).

Ал «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі арқылы Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесі бойындағы 6,6 мың.ш.м. құрайтын 60 және 40 пәтерлі 2 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды. Сонымен қатар, «Арай-3» ауданында 28,4 мың ш.м. құрайтын 420 пәтерлі 8 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды.

Келесі кезекте «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ желісі арқылы құрылыс компанияларының үлестік қатысуы арқылы 1 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде (Желтоқсан көшесі бойында 1,9 мың ш.м. болатын 33 пәтерлік үй).

Жалпы жыл соңына дейін әртүрлі қаржыландыру көздерінен 27 көпқабатты тұрғын үй құрылысын бастау жоспарда бар. Қазір Қызылорда облысы құрылыс салу көлемі бойынша республикада көшбасшы аймақтардың қатарында. Тек 2015 жылдың өзінде

Қызылорда қаласында 54 көпқабатты тұрғын үй салынып, 2684 сырбойылық баспаналы болды. Бұл Қазақстандағы екінші көрсеткіш. Алматы қаласының өзінде өткен жылы 51 үй бой көтерген болатын. Осылайша біз тұрғын үй құрылысы жөнінен Астанадан кейінгі екінші орынға келеміз. Осы жерде сәл ғана статистика цифрларына кезек берелік. Соңғы 10 жылда Қызылорда облысында тұрғын үйлерді пайдалануға берудің орташа көрсеткіші 18,6 пайызды құрады. Еліміз бойынша бұл көрсеткіш 14,9 пайызға тең. 2009 жылдан бері тұрғын үй құрылысына қосымша қаржы бөлдірту мақсатында жұмыс жасауда. Жұмыстары оң нәтижелі болып жатса, әлбетте, тағы да жаңа үйлер салынатын болады. Бұл жаңа баспана ғана емес, жаңа жұмыс орындары.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

●МИНИСТР ЕСЕП БЕРДІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Кеше Елордада ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрі Талғат Донақов халық алдында есеп берді. Бейнеконференц байланыс арқылы өткізілген кездесуде министр саланы дамыту жөніндегі міндеттер мен іске асырылып жатқан реформалар туралы хабардар етіп, атқарылған жұмыстарын баяндады, алдағы жоспарларын таныстырды.

Министрдің айтуынша, Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің жалпы штаттық саны шамамен 99 мың адамды құраса, оның ішінде әкімшілік мемлекеттік қызметшілер саны 98464-ке тең. Ал "Б" атқарушы корпусында 97971 адам бар екен.

"А" басқарушы корпусында – 493, саяси мемлекеттік қызметшілер қатарында 422 адам бар, – деп атап көрсеткен министрдің сөзіне қарағанда шамамен 7,6 пайыз бос орындар бар көрінеді. Бұл – Қазақстандағы мемлекеттік қызмет саласында 8 мыңдай бос жұмыс орны бар деген сөз. Сол себепті бүгінгі күні мемлекеттік аппараттағы қызметшілердің жалпы саны 91 мың адамнан асып отыр.

Министрдің атап өткеніндей, еліміздің мемлекеттік қызметшілері арасында гендерлік теңдік сақталған. Нақты айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің 48 пайызын әйелдер құрап отыр.

Талғат Донаковтың сөзіне қарағанда, мемлекеттік қызметтің жаңа моделі жұмыс істей бастаған сәттен мемлекеттік аппаратқа орналасу тартымдылығы айтарлықтай көтеріліп, бір бос орынға үміткерлердің саны біршама өскен. Өткен жылмен салыстырғанда мемлекеттік органдар қатарындағылар 5 есе артса, адамдардың мемлекеттік қызметтен кету көрсеткіші 2 есеге жуық қысқарған.

Соңғы 3 жылда "Болашақ" бағдарламасын бітірген мемлекеттік қызметкерлер санының 39 пайызға артқаны қуантады, – деді Талғат Донаков. – Жаңа заңға сәйкес жыл басынан бері мемлекеттік қызметке қабылдау тек қана байқау негізінде ең төменгі лауазымнан басталды.

Министрдің айтуынша, осы кезден бастап кандидаттың мансап жолында өсуі оның іскерлігі мен кәсібилігіне байланысты жүзеге асады.

– Іріктеудің үш сатылы жүйесі енгізілді, – деді бұдан әрі министр, – бастапқы екі саты Мемлекеттік қызмет істері министрлігі жүйесінде жүзеге асырылады. Олар – үміткердің заңнаманы білуінен тесттен өтуі және жеке қасиетін бағалау. Үшінші сатыда сұхбаттасу жүргізіледі. Оны кандидаттар мемлекеттік қызметке кірісетін мемлекеттік органда өткізеді.

Селекторлық режимде өткен жиын соңында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрі көпшілік сұрақтарына жауап берді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ТУРИЗМ – ТАБЫС КӨЗІ

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалында мәдениет пен өнерді дамыту бағытында құрылған «Мирас» қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда «Елбасының «100 нақты қадам» Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының орындалуы бойынша Қызылорда облысындағы туризмді дамытудың ағымдағы жай-күйін талдау» тақырыбы талқыланды.

Отырыста облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының туризмді дамыту бөлімінің басшысы Абзал Шоқпаров аймақта туризм саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады. Ол өткен жылы өңірге туристік сапармен келгендер саны 2014 жылмен салыстырғанда 3,9 пайызға артқанын атап өтті. Басқарма өкілі облыста туризмді дамытудың бағыттарына тоқталды. Қазіргі таңда облыста туризм саласының келесі басым бағыттары анықталды. «Байқоңыр» кешенінде Жер бетіндегі туризмді дамыту, «ЭКСПО - 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу мен ұйымдастыруда іс-шаралар өткізу және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізі бойында жол бойы қызмет көрсету кешендерін дамыту.

Бүгінгі күні облыстың туризм инфрақұрылымы қонақүйлер, сауықтыру санаторийлері, балалар лагерьлері және мұражайлар, тарихи-архитектуралық ескерткіштер және табиғи ресурстармен сипатталады. Оның негізін ғажайып табиғи жағдайлар мен ландшафтар және туристік орындар құрайды. Олардың кейбіреулері әлемге әйгілі ғажайып табиғи ландшафтар – Арал теңізі, «Барсакелмес» мемлекеттік қорығы, Қамбаш көлі, Қаратау тауының етегі, Қатын Қамал шатқалы және «Байқоңыр» ғарыш кешені, мәдени-тарихи объектілер, оның ішінде ата-бабаларымыздың Сауран, Сығанақ қалашықтарының орындары, Оқшы-ата, Айқожа, Өзгент, Қорасан-ата кесенелері, Сараман-Қоса мұнарасы, Ғанибай үйі, Ғанибай мешіті, мәдени-танымдық жәдігерлер «Қорқыт ата» мемориалды кешені, Қорқыт ата ескерткіші, «Байқоңыр» ғарыш кешені, емдеу санаторийлері «Жаңақорған» санаторийі, «Шопан-Ата», «Ақ-Шуақ» сауықтыру орталықтары. Қамбаш көлі флора мен фаунаға бай ғажайып су айдыны саналады. Суы таза әрі мөлдір, емдік қасиеті бар, көлде су температурасы мамыр мен қыркүйек айлары аралықта 5 ай бойы күн сәулесінде шомылуға мүмкіндік береді. Бұл маңда қызықты туристік маршруттар ұйымдастыруға болады.

Отырыста кеңес мүшелері Қаршыға Есімсейітова, Бағдат Кәрбозов, Гүлбаршын Сейсекеева, Сапар Күзеубаев, Қарлығаш Ілиясова, Еркетай Иманбаев аймақта туризмді, соның ішінде ішкі туризмді дамытуға қатысты өз ойларын жеткізді. Отырысты қорытқан «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ибадулла Құттықожаев аймағымызда туристік-экскурсиялық мақсатта пайдаланатын табиғи, тарихи және әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстар жеткілікті екенін, қолда бар мүмкіндігімізді елдің пайдасына жарата білу міндетіміз екендігін атап өтті.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

● 10 МАУСЫМ – КӘСІПОДАҚ КҮНІ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ ТҮСПЕЙДІ

Еңбек адамдарының құқын қорғайтын бірден-бір құрылым ол – кәсіподақ ұйымы. Қазір жұмысқа қатысты мәселеге төрелік талап еткендер осында ат басын тірейтіні ақиқат. Бүгінде облыстың кәсіподақтар орталығы аталатын мұнда еңбек даулары қалай шешілуде? Оның қауқары қандай? Осы сауалдарға жауап алу мақсатында тілшіміз "Қызылорда облысының Кәсіподақтар орталығы" аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрайымының орынбасары Майра Боранбаевамен әңгімелескен болатын.

– Майра Қадірбекқызы, қазіргі кәсіподақтың бұрынғыдан айырмашылығы неде?

– 2014 жылы қабылданған "Кәсіптік одақтар туралы" заңға байланысты бұрынғы құрылымдар өзгеріске түсті. Бұған дейінгі кәсіподақтар кеңесі енді кәсіподақтар орталығы аталады. Бұл орталықтың негізгі міндеті – кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен заңдық мүдделерін ұжымдық шарт негізінде қорғауды қамтамасыз ету.

– Еңбек дауларын шешудегі үлестеріңіз?

– Еңбек даулары әлеуметтік-әріптестік жүйесіне сүйеніп қана шешіледі десек, сол әріптестіктің арқасында әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеуге болады. Еңбек даулары көбінесе жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында конструктивті диалог тапшылығы, олардың өзара міндеттерінің аздығы, сондай-ақ еңбек қатынасында қатаң тәртіптің қалыптасуынан туындайды. Егер осындай жағдай туындаса, біздің тегін көмегімізге жүгіне алады. Өйткені, бізде қоғамдық қабылдау жұмыс жасайды.

Енді ретімен айтар болсам, алдымен жағдайды анықтап алғаннан кейін арыз-данушы азаматқа өз құқын қалай қорғауға болатындығын түсіндіреміз. Сосын медиация орталығымен жасалған өзара меморандумымыз болғандықтан кәсіби медиаторларды да азаматтардың мәселесінің оң шешілуіне қатыстырудамыз. Жұмыс беруші мекемелердің басшылығымен де сөйлесіп, істі сотқа дейін-ақ шешуге тырысудамыз.

– Сот процесі болған жағдайда қатысасыздар ма?

– Егер даулы мәселе сотқа жетіп жатса, процеске қатысуға құқымыз бар. Осы ретте мына жайтты еске сала кетейін. Арыз беруші бұрын сотқа тікелей шағымданатын болса, қазіргі таңда еңбек талаптары өзгерген. Сондықтан Еңбек кодексі бойынша қандай да бір дау туындайтын болса, сол мекемеде келісім комиссиясы құрылуы керек. Арыз-данушы сол комиссияға жүгінуі тиіс. Комиссия құрамында міндетті түрде кәсіподақ мүшелері болады. Келісім комиссиясының шешімі арыздануышыны қанағаттандырса құба-құп, ал ол келіспеген жағдайда сотқа арыздана алады. Жыл басынан қолданысқа енген жаңа Еңбек кодексінің бір ерекшелігі – сотқа жүгінген жағдайда да арыздануышыдан келісім комиссиясының шешімі сұралады.

Бір сөзбен айтқанда, келісім комиссиясында міндетіміздің толық атқаруға тырысамыз. Жұмыс берушінің де, жұмысшының да риза болуы үшін қолдан келгенді аянып қалмаймыз.

– Кезінде кәсіподақ ұйымдары маңызды рөл атқаратын. Қазір де солай ма?

– Жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңмен салыстыруға келмейді. Ол кезде кәсіподақтың сөзі өтімді болатын. Қазір бұл ұйымның беделін арттыруға күш салудамыз. Кәсіподақ федерациясының міндеті де осы.

Қазіргі таңда аймақта әлеуметтік маңызы бар шаралар жасалуда. Ондағы мақсат – еңбек орындарын сақтап қалу және жұмыссыздықты болдырмау. Облыс бойынша 2,5 мыңнан астам меморандумға қол қойылса, оның ішінде ірі және орта, сондай-ақ кіші кәсіпорындар бар.

Биылғы жылдан бастап "Кәсіптік одақтар туралы" заңға өзгерістер енгізілді. Бұған дейін кәсіподақ мүшесінің құқығы ұжымдық шарт бойынша қорғалса, енді жаңа өзгерістерге сәйкес кәсіподақ мүшесі болмаса да, құқықтық көмек сұраған өзге мекемеде істейтін азаматтарға да құқықтық көмек көрсетуге міндеттеліп отырмыз.

Еңбек кодексінде жұмыс беруші заңға, бұйрық, қаулы, тағы басқа актілер мен ұжымдық шартқа сүйенеді деп көрсетілген. Егер мекеменің ұжымдық шарты мықты жұмыс жасамайтын болса, жұмысшы өз құқын қорғай алмауы да мүмкін.

– Ұжымдық шарттың әрбір мекемеде болуы міндетті ме?

– Ұжымдық шарт кез келген мекеме мен кәсіпорында болуы тиіс дегенімізбен, заңда міндетті деген сөз айтылмайды. Біздің тығырыққа тірелетін жеріміз де осы.

Ұжымдық шарт негізінен мекеме басшысы мен кәсіподақ мүшелері арасында екі-үш жылдық мерзімге жасалатын келісім. Оған қол қойылғаннан кейін бір ай мерзімде еңбек саласындағы бақылау басқармасына міндетті түрде тіркеліп, бақылауға алынуы тиіс. Сөйтіп сол мекемедегі еңбек заңнамаларының сақталуына мониторинг жасалады. Мекеме-де мұндай ұжымдық шарттың болуы өз кезегінде біздің жұмысымызды жеңілдететіні шындық.

– Майра Қадірбекқызы, сөз соңында облыс кәсіподақтарының жылнамасына тоқтала кетсеңіз?

– Алдымен мына дерекке тоқталайын. Еліміздің кәсіподақтар федерациясын былтыр 11 қазанда Бразилияның Сан-Пауло қаласында өткен Халықаралық кәсіподақтар конфедерациясы Бас Кеңесінің 15-отырысында ХКК құрамына қосу туралы шешімі жарияланып, толық құқықты мүше болып қабылданды. Ал ҚР Кәсіподақтар Федерациясының шешіміне сай 2014 жылы 66 жылдық тарихы бар Қызылорда облыстық кәсіподақтар кеңесінің атауы өзгертіліп, Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы болып құрылды.

Бүгінгі таңда орталық құрамында 9 салалық және 20-дан астам локальды кәсіподақ комитеттері жұмыс жасайды десек, олардың құрамындағы мыңнан астам бастауыш ұйымдарда 94 мыңға жуық кәсіподақ мүшелері есепке алынған.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● РАМАЗАН – РАҚЫМ АЙЫ

АУЫЗАШАР – САУАПТЫ ІС

Төртқұл дүниенің күллі мұсылман қауымы жаңару айының алғашқы күндерін артқа тастады. Осы қасиетті Рамазан айында бес парызының бірін өтеп, ораза ұстаған жамағатқа жылдағы дәстүр бойынша облысымыздың имандылық үйлерінде ауыза-шар ұйымдастырылуда.

Аймақ басшысының қолдауымен жасалып жатқан бұл игі шара қасиетті айдың өн-бойында өңір мешіттерінде жалғасын табатын болады.

Оразаның бірінші күнінде "Ақмешіт-Сырдария" орталық мешітінде облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы дастархан жайып, сауапты іс жасады. Алдымен өлі-аруақтар рухына құран бағыштады.

Бұдан соң Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының өкілі имамы Талғат Омаров жиналған көпшілікті Рамазан айымен құттықтап, жамағатқа оразаның пайдасы, берілетін пітір-садақа, сондай-ақ қайырымдылық шаралары туралы айтып берді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

РӘМІЗДЕРІМ – БОЙТҰМАРЫМ

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Мемлекеттік рәміздер күні құрметіне мемлекеттік қызметкерлер арасында веложарыс ұйымдастырылды. Тұңғыш Президент паркінен бастау алған жарысқа мемлекеттік органдарда қызмет ететін 80-ге жуық адам қатысты.

Орталық алаңдағы мәре сызығын өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің бөлім бастығы Ж.Өндірей кесіп өтті. Екінші орынды Н.Исаев (облыстық сәулет-құрылыс бақылау басқармасы), үшінші орынды Т.Қасымбеков (мемлекеттік кірістер департаменті) жеңіп алды.

Әйелдер арасындағы бірінші орын да «төтеншеліктерге» бұйырды. Қармақшы аудандық №5 өрт сөндіру бөлімінің радиотелефонисі Н.Өмірғалиева үздік үштікті бастады. Ал екінші орынды А.Хайруллаева (қазынашылық департаменті), үшінші орынды Ж.Тоқанова (статистика департаменті) иеленді.

Веложарыс жеңімпаздары Ж.Өндірей мен Н.Өмірғалиева бұған дейін де бірнеше спорттық сайыстарда жеңімпаз атанған. Әріптестері арасында салауатты өмір салтын белсенді түрде насихаттап жүр.

***

Рәміздер күні құрметіне облыстық көркемсурет галереясы жас суретшілерге арнап «Мұра» атты сурет көрмесін ұйымдастырды. Жас талапкерлердің көрмеге қатысу үшін тынбай еңбектенгені, берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау үшін ізденгені байқалып тұрды.

Суретшілердің қиялынан өрбіген туындылар ешкімді де бейжай қалдырмады. Әрбір жұмыстың өзіндік тарихы, өзгеше бояуы, айтар ойы бар. Сондықтан жеңімпаздарды анықтау оңай болмады.

Әйткенмен, жарыстың аты – жарыс. Қазылар алқасы үздік жұмыс деп А.Мақсұтханның еңбегін бағалады. Жас суретші өз картинасында мемлекеттік рәміздер қабылданған тарихи сәтті бейнелеген.

***

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етуші әрі мемлекетімізді өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Халқымыздың ұлттық салт-санасын, болашаққа үміттін, арман-мақсатын жеткізетін ерекше құнды белгілер.

Достық үйінде өткізілген «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік негізі» тақырыбында өткен шарада тәуелсіз елдің басты нышандары туралы, оның тарихы мен қазіргі жайы әңгіме өзегіне айналды. Оған ғалымдар, облыстық қоғамдық-мәдени бірлестіктер жетекшілері, ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың мүшелері және жастар қатысты. «Дөңгелек үстел» тізгінін ұстаған «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Ержан Уәйіс қатысушыларды мерекелерімен құттықтап, бұл күннің маңыздылығына тоқталды.

Алғашқы сөзді алған ҚМУ-дың профессоры, белгілі ғалым Қазыбай Құдайбергенов мемлекеттік рәміздердің мән-маңызына әлі де болса терең бойлай алмай жатқанымызды тілге тиек етті.

Келесі кезекте өз ойын ортаға салған философия ғылымдарының докторы, профессор Баймырза Қожамберлиев өзге елдердің мемлекеттік рәміздеріне деген сый-құрметін, оны дәріптеудегі көрінісін мысал ете отырып, біздің жастарымыздың бойына осындай отансүйгіштік қасиетті қандарына сіңіру қажет екенін айтты. «Әнұранды кез келген қазақстандық жатқа білуі керек. Рәміздерді құрметтеуді әрбір жас жүрегімен ұғынып, оны тұмардай қастерлеуі тиіс».

М.МЕРЕЙ,
Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙГЕН КӘСІПОДАҚ

Еңбек адамының мүддесін қорғайтын кәсіподақ бүгінде көкжиегін кеңейтіп, салаға жүктелер жауапкершілік салмағы арта түсті. Өйткені, қос қапталдан қысқан дағдарыс еңбекші қауымның мүддесін бұрынғыдан өзгерек қорғауға итермелеп отыр. Аптаның сейсенбі-сәрсенбісінде ұйымдастырылған пресс-турда бұл уәжімізге толық көз жеткіздік.

Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде «Өркен-Сырдария» ЖШС атты мекеме бар. БАҚ өкілдеріне кәсіподақ ұйымдарының жұмысын таныстыру мақсатында ұйымдастырылған пресс-тур барысында алдымен ат басын осы ұжымға тіредік. Естіген – өтірік, көрген – шын. Тереңөзек кенті мен 13 елді мекенді ауыз сумен қамтып отырған «Өркен-Сырдария» ЖШС-ның материалдық-техникалық базасына көңіл толады. Көлік айдайтындар шетінен су жаңа техника тізгіндеген. Күндіз-түні, ауысыммен тер төгетін жұмысшылардың орташа айлық жалақысы 70 мың теңгеден айналады. Тегін тамақ ұсынатын асхана тоқтаусыз жұмыс істеп тұр, қызметтік киімдер болса да бәрінде бар.

– Мекеме 2012 жылы құрылған. Негізгі жұмыс – аудандағы 33576 тұрғынға ауыз су жеткізу. Бұл орайдағы қызметімізде кемшілік жоқ, мекеменің қаржылық жағдайы жолға қойылған. Бұрын жұмысшыларға материалдық көмек те қарастырылмаған еді. Қазір жағдай басқа, тариф көтерілгелі бері жұмысшыларға бар жағдайды жасап жатырмыз. Жалақылары өсті, уақытылы беріледі, - дейді мекеме басшысының орынбасары Серік Нұртазаев.

Ал мекеменің инженері, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы, Зайдағали Жүсіпбайұлы былай дейді:

– Мекеме құрылған уақытта 75 адам жұмыс істесе, қазір 151-ге жетіп отыр. Барлығы да кәсіподақ ұйымының мүшесі. Жұмысшылардың жағдайына келсек, жақсы деп айтуға болады. Кәсіподақ есебінен қызметкерлерге мерекелерде сый-сияпат жасалады. Сондай-ақ, зейнеткерлерге де атаулы күндерде құрмет көрсетіледі. Қызметкерлер жалақысы 30-40 мың теңге көлемінде еді, қазір маусым айының 1-нен бастап 71 мың теңгеден жоғары. Алдағы уақытта кәсіподақ ұйымының бастамасымен жұмысшыларға курорттық орындарға жолдама берсек деп жоспарлаудамыз.

Мынадай қаржылық дағдарыс кезінде жұмысшылар санын қысқартпай, керісінше жалақыларын көтеру сауапты іс. Осы тұста айта кетейік, «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі облыстық үшжақты келісімге қол қойған. Яғни, келісімге сәйкес жұмысшылар санының қысқаруына жол берілмейді, ұжымдық шарттың сақталуы қадағаланады.

Біз «Өркен-Сырдария» ЖШС-ның Талғат Пірмағамбетов, Дәуіржан Нұрсейітов сынды қызметкерлерімен тілдескен едік. Олар бір ауыздан мекеме басшылығына алғыстарын айтып, жұмыстарына риза екендіктерін жатты.

Пресс-тур қатысушылары келесі кезекте аудандағы №35 И.Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицей жұмысымен танысты. Мектептегі кәсіподақ ұйымының жұмысымен ұйым төрайымы Жанна Сәркеева таныстырды. Кәсіподақ бөлмесіне ұстаздар қауымы жиналған екен, олармен пікірлестік, сұхбат құрдық. Ардагерлер ұйымының төрайымы Анар Ізбасарованың айтуынша, мектеп ұжымы әрдайым бірлікті ту етеді. «Бұл орайда мұғалімдер қауымының қорғаншысы – кәсіподақтың қызметі орасан», - дейді ол. Мақтайтындай бар екен, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Жанна Сәркеева қызметкерлер құқығының қорғалуына қосқан үлесі үшін еліміздің білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының марапатын иеленіпті. Одан бөтен алған марапаттары да жетерлік.

Мектептің тыныс-тіршілігі өзгеге үлгі етерліктей. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев түлеп ұшқан білім ошағы шәкірт тәрбиелеуде биіктерді бағындырып келеді.

Мектепте 48 ұстаз білім беруде. Олардың 8-і жоғары санатты. Кәсіподақ ұйымына мүшелердің барлық саны – 89. Ұйым әрдайым олардың талап-тілегін тыңдап, өтініштерінің орындалуына жағдай жасап келеді. Курорттық орындарға елу пайыздық жеңілдікпен жолдама берудеміз, - дейді Жанна Сәркеева.

Мектеп-лицейдегі кәсіподақ бастауыш ұйымының жұмысын таныстыру барысында облыстағы білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы төрайымының орынбасары Гүлнар Ескалиевамен, осы саладағы аудандық комитет төрағасы Алмас Есназармен тілдескен едік. Олардың айтқаны, білім саласындағы кәсіподақ ұйымдары ортақ мақсат жолындағы істе тартыншақтамайды.

Пресс-турдың екінші күніндегі басқосулар Қызылорда облыстық кірістер департаменті мен Қызылорда қалалық ауруханасында жалғасты. Бұл мекемелердегі кәсіподақ ұйымдарының жағдайы да «бәрекелді» дегізеді. Үлкен ұжымда, әрине, еңбек дауларына қатысты түсініспеушіліктер болмайды емес, болып тұрады. Мұндайда тығырықтан шығар жолдың нұсқаушысы – кәсіподақ ұйымы. Қызылорда облыстық кірістер департаментіне қатысты мына деректі айтайық, аталған мекеменің кәсіподақ ұйымы ұжымдық шарт бойынша республикалық конкурста II орынмен марапатталған. Сондай-ақ, Қызылорда қалалық ауруханасы кәсіподақ ұйымының бағындырған биігі де ерекше. Оны сүттей ұйыған ұжымның берекелі, беделді кызметінен-ақ аңғаруға болады.

Қорытқанда, еңбекшілер қауымының ертеңі үшін еңбек етер кәсіподақтың келешегі кемел деп айтуға болады. Бұл уәжімізді екі күндік пресс-тур барысында көңілге түйгеніміз деп қана емес, еңбекшілер сөзі деп біліңіз, құрметті оқырман.

Нағымжан САУЯЕВ.

● БРИФИНГ

АУРУДЫ БОЛДЫРМАУ ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Үлбосын Аханаева, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының дәрігері Шәрипа Әлиеваның қатысуымен брифинг өтті. Онда мамандар өңірде жұқпалы жіті ішек аурулары бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал және аурудың алдын алу шаралары жөнінде әңгімеледі.

Мамандардың айтуынша, жыл сайын облыс көлемінде тұрғындар арасында 1,5-2 мыңға жуық жұқпалы ішек аурулары тіркелсе, оның 90 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде. Жүргізілген талдау нәтижесінде ағымдағы жылдың 5 айында облыста қалыптасып отырған көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғандағы деңгеймен шамалас. Сала мамандары аурушаңдық көрсеткішінің көпжылдық бақылау деңгейінен аспағанын алға тартуда.

Үстіміздегі жылдың 5 айында жалпы аймақта жұқпалы жіті ішек ауруының 550 жағдайы тіркеліп, 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушаңдық көрсеткіші 73-ті құрап отыр. Дәрігерлер бұл науқастың жеке бас гигиенасын сақтамау салдарынан орын алғанын баса айтты. Ауруға шалдыққандардың ішінде 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі 74,3 пайызды құраған.

ЖЖІА тән белгілері бар 3 жасқа дейінгі балаларды ерте анықтау және регидратациялық ем жүргізу мақсатында облыстағы барлық бастапқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін ұйымдарында ауызбен суландыру бекеттері жұмыс жасауда. Барлығы 125 бекет бар. Оларда науқас балаларға медициналық бақылау жүргізіле отырып, «Регидрон» сусынын ережеге сәйкес ішкізіп, сусыздануды сақтайды.

– Жұқпалы жіті ішек ауруларына шалдығудың негізгі себептері тұрғындар, әсіресе, балалардың санитарлық-гигиеналық нормалар мен қағидаларды сақтамауынан болады. Яғни, қолдарын жақсылап жумай тамақ жегеннен, көкөністерді жумай пайдалану салдарынан түрлі инфекциялар жұғады. Жаз уақытында өздеріңізге белгілі, жұқпалы жіті ішек жұқпаларымен ауру жиілей түседі. Мұның басты себебі ауа температурасы көтерілген сайын микробтар сақталып ғана қоймай, ет, сүт, балық өнімдерінде, салаттарда, кремді кондитерлік өнімдерде арта түседі, яғни, тез бұзылатын тағамдардың сақтау және сату ережесінің бұзылуынан аурушаңдық деңгейінің өсуі орын алады,– дей келе, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының дәрігері Шәрипа Әлиева жаз мезгілінде барынша тазалық сақтап, тағамдарды сақтықпен тұтынуды ескертеді.

Сондай-ақ, мамандар егер дене қызуы көтеріліп, іш өтіп, құсу белгілері білінген жағдайда уақыт өткізбей дереу дәрігерге қаралу керектігін айтады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЖОБА

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасы және 139-бабының 9-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын, ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін арнайы білімі бар ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «__» _____ № ____
қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын, ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін арнайы білімі бар ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Ветеринария мамандығы бар мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары (басшының экономика, қаржы және әкімші-шаруашылық жөніндегі басшының орынбасарларынан басқа).

2. Ветеринариялық мамандар: ветеринариялық дәрігер, зертханадағы ветеринариялық дәрігер, ветеринариялық фельдшер, ветеринариялық техник, вирусолог, бактериолог.

ЖОБА

2016 жылға өсімдік шаруашылығының шығымдылығы мен өнім сапасын арттыруды субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11094 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға) белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____А. Мырзахметов

2016 жылғы «__» _____
Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «__»_____ №___ қаулысына
қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары
(1 гектарға және (немесе) 1 тоннаға)

р/с	Басым дақылдардың тізбесі	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	16450
2	Дәндік жүгері	22500
3	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін дәндік жүгері	63900
4	Майлы дақылдар	27575
5	Картоп	79780
6	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін картоп	219560
7	Көкөністер	75656
8	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін көкөністер	181905
9	Бақшалық дақылдар	15000
10	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін бақшалық дақылдар	86423
11	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (фермерлік жылыжайлар) (екіден аспайтын дақыл айналымы)	3000000
12	Сүрлемдік жүгері	23040
13	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылап суару жүйесін қолдана отырып өсіретін сүрлемдік жүгері	64311
14	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	16362
15	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	8152

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Сержанова Мөлдір Жайдарбеккызының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы №26 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті 2008 жылы бітіргені жөнінде берілген №0157714 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Жанұзақова Индира Мейрамбеккызының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы №121 А.Егізбаев атындағы орта мектепті 2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1622127 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Қасымбеков Жанғали Наржанұлының атына Кентау көпсалалы колледжін «Есептеуіш техникамен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамтамасыз ету» (программист) мамандығы бойынша 23.06. 2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ № 0156459 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Айтлесова Гульназ Сериковнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 орта мектептің 9 сыныбын 19.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК №2257411 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда қаласының нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын 2015 жылдың 17 қарашасында қайтыс болған Қызылорда қаласы, Шұғыла ш/а, №20 үй, №53 пәтер тұрғыны 1965 жылдың 6 қазанында туылған Мекебаева Тургенкуль Кауинбаевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі, №80-А/12, тел.: 8(7242)25 55 23.**

ЖОБА

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесін және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 13717 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмға, грамға, данаға) арналған субсидиялардың шекті нормалары бекітілсін.

2. «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің құнын субсидиялау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5102 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылы 18 тамызда жарияланған) Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі №101 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

№	Субсидияланатын гербицидтердің түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	2М-4Х 750,75% с.е.к. (2 метил-4 хлорфеноксиуксус қышқылының диметиламинді тұзы)	л (кг)	50	2 950
2	Авестар 10%, э.к. (100 г/л феноксопроп-п-этил + фенклоразол)	л (кг)	50	4 050
3	Азимекс, с.д.т. (азимсульфурон, 500 г/кг)	л (кг)	50	229 250
4	Базагран, 48% с.е. (бентазон, 480 г/л)	л (кг)	50	2 100
5	Балерина, с.э. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 410 г/л + флорасулам 7,4 г/л)	л (кг)	50	3 062,5
6	Бицепс гарант, э.к. (этофумезат, 110 г/л + десмедифам, 70 г/л+ фенмедифам, 90 г/л)	л (кг)	50	4 100
7	Боксер 800, э.к. (просульфокарб, 800 г/л)	л (кг)	50	2 990
8	Видмастер 480, с.е. (дикамба, 124 г/л + 2,4 Д,357 г/л)	л (кг)	50	2 274
9	Виртуоз, с.т.к. (клопиралид, 750 г/кг)	л (кг)	50	12 862,5
10	Галлантный, 75% с.д.т. (трибенурон-метил, 750 г/кг)	л (кг)	50	19 600
11	Гезагард 500, с.к. (прометрин, 500 г/л)	л (кг)	50	2 345
12	Гербитокс, с.е.к. (диметиламинді, калийлі, натрийлі тұздар түріндегі 2 метил-4 хлорфеноксиуксус қышқылы, 500 г/л)	л (кг)	50	1 700
13	Гоал 2Е, э.к. (оксифлуорфен, 240 г/л)	л (кг)	50	7 000
14	Горгон, с.е.к. (350 г/л 2 метил-4 хлорфеноксиуксус қышқылы + 150 пиклорам)	л (кг)	50	4 972,5
15	Грами супер, э.к. (феноксапроп-п-этил, 100 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 27 г/л)	л (кг)	50	3 215
16	Дезормон эфир, 72% э.к. (2,4 дихлорфеноксиуксус қышқылының 2-этилгексил эфирі)	л (кг)	50	1 577,5
17	Деметра, э.к. (флуроксипир, 350 г/л)	л (кг)	50	5 250
18	Дианат, 48% с.е. (дикамба, 480 г/л)	л (кг)	50	2 665
19	Диален супер 480, с.е. (2,4-Д диметиламинді тұздар, 357 г/л + дикамба, 124 г/л)	л (кг)	50	1 575
20	Дуал голд 960, э.к. (с-метолахлор, 960 г/л)	л (кг)	50	4 500
21	Дублон голд, с.д.т. (никосульфурон, 600 г/кг + тифенсульфурон-метил, 150 г/кг)	л (кг)	50	98 000
22	Зеллек супер, э.к. (күрделі эфир түріндегі галоксифоп-Р-метил қышқылы, 104 г/л)	л (кг)	50	4 750
23	Зерномакс, э.к. (күрделі 2- этилгексилэфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 500г /л)	л (кг)	50	1 950
24	Зенкор ультра, с.к. (метрибузин, 600 г/л)	л (кг)	50	6 715
25	Керб W, ы.ұ. (пропизамид, 50%)	л (кг)	50	14 382
26	Корсар, с.е.к. (бентазон, 480 г/л)	л (кг)	50	2 700
27	Ластик топ, м.к.э. (феноксапроп-п-этил, 90 г/л + клодинафоп-пропаргил, 60 г/л + клоквинтосет-мексил, 40 г/л)	л (кг)	50	5 997,5
28	Лазурит супер, н.э.к. (метрибузин, 270 г/л)	л (кг)	50	6 562,5
29	Лазурит, ы.ұ. (метрибузин, 700 г/кг)	л (кг)	50	7 320
30	Лонтрел гранд 750, с.д.т. (клопиралид, 750 г/кг)	л (кг)	50	24 045
31	Ланс с.е. (аминопиралид, 240 г/л)	л (кг)	50	17 594
32	Магнум, с.д.т. (600 г/кг метсульфуронметил)	л (кг)	50	39 000
33	Магнум супер, с.д.т. (300 г/кг метсульфуронметил + 450 г/кг трибенурон-метил)	л (кг)	50	42 900
34	Майстер пауэр, м.д. (форамсульфурон, 31,5 г/л + метил-натрийлі йодосульфурон, 1,0г/л + тиенкарбазон-метил 10 г/л+ципросульфид (антидот), 15 г/л)	л (кг)	50	5 070
35	Миура, э.к. (хизалофоп-п-этил, 125 г/л)	л (кг)	50	3 950
36	Никомекс плюс, с.т. (никосульфурон, 700 г/кг + тифенсульфурон-метил, 125 г/кг)	л (кг)	50	61 000
37	Номини 400, с.к. (натрий биспирибагі, 400г/л)	л (кг)	50	65 000
38	Пума-супер, 7,5% с.м.э. (феноксапроп-п-этил, 69 г/л + мефенпир-диэтил (антидот), 75 г/л)	л (кг)	50	3 435
39	Пивот, 10% с.к. (имазетапир, 100 г/л)	л (кг)	50	6 045
40	Пульсар, 4% с.е. (имазамокс, 40 г/л)	л (кг)	50	6 450
41	Раундап экстра,54% с.е. (глифосат, 540 г/л)	л (кг)	50	1 750
42	Рейнбоу 25 ОД м.д. (пеноксулам, 25 г/л)	л (кг)	50	10 500
43	Старане премиум 330, э.к. (флуроксипир, 333 г/л)	л (кг)	50	6 210
44	Сонраунд 48 %, с.е. (глифосат, 360 г/л)	л (кг)	50	1 296
45	Солито 320, э.к. (претилахлор, 300 г/л+пирибензоксим, 20 г/л)	л (кг)	50	6 677
46	Стомп, 33% э.к. (пендиметалин, 330 г/л)	л (кг)	50	1 775
47	Стоп, 33% э.к. (пендиметалин, 330 г/л)	л (кг)	50	1 380
48	Смерч, с.е. (глифосат, 540 г/л)	л (кг)	50	1 230
49	Тачдаун 500, с.е. (глифосат 500 г/л)	л (кг)	50	2 454,5
50	Терра, 4% э.к. (хизалофоп-П-тефурил, 40 г/л)	л (кг)	50	2 087,5
51	Титус 25%, к.ұ.с. (римсульфурон, 250 г/кг)	л (кг)	50	139 750
52	Торнадо 500, с.е. (глифосат,500 г/л)	л (кг)	50	1 400
53	Трофи, э.к. (ацетохлор, 900 г/кг)	л (кг)	50	2 465
54	Ураган форте 500, с.е. (глифосат, 500 г/л)	л (кг)	50	1 445
55	Фабиан, с.д.т. (имазетапир, 450 г/кг + хлоримурон-этил, 150 г/кг)	л (кг)	50	34 250
56	Финес лайт, с.д.т. (хлорсульфурон, 333,75 г/кг + метсульфурон-метил, 333 г/кг)	л (кг)	50	48 100
57	Фюзилад форте 150, э.к. (флузиафоп-п-бутил, 150 г/л)	л (кг)	50	4 150
58	Хазна, 60% с.д.т. (метсульфурон-метил, 600 г/кг)	л (кг)	50	14 875
59	Хакер, с.т. (клопиралид, 750 г/кг)	л (кг)	50	23 500
60	Хармони, 75% к.ұ.с. (тифенсульфурон-метил, 750 г/кг)	л (кг)	50	83 072,5
61	Хармони про, с.д.т. (тифенсульфурон-метил, 750 г/кг)	л (кг)	50	77 500
62	Эфир премиум, с.э. (2-этилгексил эфир түріндегі 2-4-Д қышқылы, 410 г/л + флорасулам 7,4 г/л)	л (кг)	50	2 340
63	Эстет 905, э.к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	л (кг)	50	1 650
64	Эфир экстра 905, э.к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	л (кг)	50	1 555
65	Эскудо, с.д.т. (римсульфурон, 500 г/кг)	л (кг)	50	227 325
66	Элюмис 105 м.д. (30г/л никосульфурон +75 г/л мезотрион)	л (кг)	50	6 316
67	Эстерон э.к. (2-этилгексил эфир түріндегі 2,4-Д қышқылы, 905 г/л)	л (кг)	50	1 804,5
68	Хвастокс 750 с.е. (диметиламинді тұз түріндегі 2 метил-4 хлорфеноксиуксус қышқылы, 750 г/л)	л (кг)	50	2 750

Қысқартылған сөздер тізімі:

г/кг - грамм/килограмм;
г/л - грамм/литр;
к.ұ.с. - құрғақ аққыш суспензия;
л (кг) - литр (килограмм);
м.д. - майлы дисперсия;
м.к.э. - микрокапсулды эмульсия;
н.э.к. - наноэмульсия концентраты;
с.е.- сулы ерітінді;
с.е.к.- суда еритін концентрат;
с.д.т.- сулы диспергенген түйіршіктер;
с.к. - суспензиялы концентрат;
с.к.- сулы концентрат;
с.к. – суспензия концентраты;
с.м.э.- сулы - майлы эмульсия;
с.т. - суда еритін түйіршіктер;
с.э. - суспензиялы эмульсия;
ы.ұ. - ылғалданатын ұнтақ;
э.к.- эмульсия концентраты;
% - пайыз.

ДЕНСАУЛЫҚ

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

Адам ғұмырында денсаулықтың алар орны ерекше, онсыз өмірдің бақытын сезіну мүмкін емес. Ешбір байлыққа теңестіруге келмейтін денсаулыққа сызат түскенде адам жанының инженері деп аталатын ақ халатты абзал жандардың көмегіне жүгінбейтін жандар кемде-кем шығар. Адам өміріне тікелей жауапты, ешбір қателесуді кешірмейтін, түрлі сын сәттерді басынан өткеретін мамандық иелерінің ізгілікті еңбегі қашанда жоғары бағаланбақ. Осындай қиындығы мен қызығы қатар жүретін салада ұзақ жыл еңбек еткен дәрігердің өз ісінен береке тауып, биіктен көрінуі елеулі еңбегінің жемісі деуге болады. Қоғамға пайдалы істерімен көпшілік көңілінен шығып, бүкіл саналы ғұмырын денсаулық саласына арнаған жандардың бірі – Қалдығүл Бәлібаева.

Ол 1951 жылы киелі Қармақшы топырағының Ақжар ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Қатарының алды болған алғыр да қағылез шәкірт, бала кезден жүрек қалауы – дәрігер болуды қалаған Қалдығүл апа 1968 жылы орта мектепті бітірісімен Алматы медицина институтына түсіп, 1974 жылы терапевт-дәрігер мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Еңбек жолын Қармақшы аудандық орталық ауруханасында қатардағы дәрігер болудан бастап, басшылық қызметтерге дейін көтерілді. Өмір жолын аймақтың денсаулық сақтау ісіне арнаған Қалдығүл Бәлібайқызы Жосалы стансасының бас дәрігері, Қармақшы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері қызметтерін абыроймен атқарып, қазіргі таңда зейнет демалысына шыққа да, халық саулығын жақсарту жұмыстарынан қол үзген жоқ. Тынымсыз еңбексүйгіштігімен аймақ тұрғындарының денсаулығын жақсарту шараларына атсалысып,қоғамға өз үлесін қосып келеді. Қазіргі таңда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығында қызмет атқарады.

Денсаулық саласы ғана емес, қоғамның әлеуметтік-саяси жұмыстарына да араласып, өзіндік қырынан танылды, әйел адам болса да ер азаматқа тән өжеттігімен талай жауапты істерде абырой биігінен көрінді. Аудандық мәслихат депутаты болып сайланған кездерінде Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге, әлеуметтік мекемелердің құрылысына және жұмысының жүруіне атсалысты. Сол уақыттарда аудандық ауруханаңың, аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің, «Сымбат» тіс емдеу мекемесінің және аудандық туберкулезбен қатынаста болған балаларға арналған «Аққайың» санаторияларының, Төретам кентіндегі «Алақай» санаториясының ашылуына өз ықпалын тигізді. Заманауи тұрғыда аудандағы ауруханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салды.

Ғұмырын мамандығына деген сүйіспеншілікке арнаған Қалдығүл Бәлібайқызының еңбегі елеусіз қалмады. «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қызылорда облысына 70 жыл» мерекелік медальдарымен, 2005 жылы ҚР Президентінің Алғыс хатымен және 2008 жылы «Жылдың үздік дәрігері» дипломымен марапатталды. 2010 жылы «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісін алды. Оны ұйымдастырушылық қабілетімен, іскерлігімен, өз мамандығына деген адалдығымен қоғамда өзіндік орнын қалыптастырған жан десек, артық айтқандық болмас. Денсаулық саласының барлық сатысынан өткен білікті дәрігер өзінен кейінгі ізбасар шәкірттеріне ұстаздық тәжірибесін үйретуден жалыққан емес. Осындай жауапты қызметтерді абыроймен атқарып жүрген Қалдығүл Бәлібайқызы отбасында екі бала тәрбиелеп өсірген аялы ана. Ұлы Азамат – М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде оқытушы, қызы Әйгерім Астанадағы медицина университетінде интернатурадан өтуде.

Ел-жұртының алғысына, адамдардың шын құрметіне бөлену – нағыз абырой, нағыз бақыт. Өнегелі өмірі еңбекпен өрілген жанға ұзақ ғұмыр, жанжалық бақыт тілей отырып, денсаулық саласына сіңірген еңбегіңіздің жемісін көріп, халықтың құрметіне, ұл-қызыңыз бен немерелеріңіздің қуанышына бөлене беріңіз демекпіз.

Қайрат МЫРЗАХМЕТОВ, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 маусымдағы №478 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 08.06.2016 жылы № 5531 тіркелген

«2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5316 тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідейөзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың Тізбесіндегі:

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі» 1 бөлімінің:

реттік нөмірі төртінші жолыжаңа редакцияда жазылсын:

«4 «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарату желілерінің құрылысы»,

«Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын жылумен жабдықтау» бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін мемлекеттік сараптамадан өткізу 4 326 »;

«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі» 2 бөлімінің:

реттік нөмірі бірінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

« 1 Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жақ жағалау бөлігінде көше-жолдары желісінің құрылысы 212 911 »;

2) аталған қаулымен бекітілген конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын2016 жылға арналған концессиялық жобалардың Тізбесіндегі:

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі» 1 бөлімінің:

реттік нөмірі үшінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

« 3 Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру 1 491 »;

3) аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесіндегі:

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі» 2 бөлімінің:

реттік нөмірі екінші жолыжаңа редакцияда жазылсын:

« 2 Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру 3 829 ».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылында орнатылатын Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері Алдаберген Бисенов бюстінің эскиздік жобасына ашық конкурс жарияланады.

Конкурсты «Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырады.

Конкурстың мақсаты – бюсттің бейнесін ашатын, аса мәнерлі мүсіндік көркемдік шешімді анықтау. Ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орындалуы тиіс.

1. Конкурстың бағдарламасы

Конкурстық құжаттардың құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1. Бюсттің жобасын іріктеу талаптары:

- көркемдік деңгейі жоғары, эстетикалық мәнерлілігі болуы;

- идеялық мазмұны, көркемдік тұтастығы мен бітімі ерекше болуы;

- бюсттің алыстан көз тартуы;

- орналасатын жердегі көріністің (панорама) басым композициясына айналуы керек.

2. Конкурстық материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:

1) Орналасу сызбасы М1:500
2) Бас жоспар М1:500
3) Нұсқа (макет) М 1:10
4) Бюсттің қасбеттері М1:10
5) Бюсттің эскизі – Н-0,50-0,60 см .

6) Бюстінің көркемдік шешімі мен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндалған №14 өлшемді «Times New Roman» шрифтімен бірінші жоларалығымен басылған 2 беттен аспайтын мәтіннен тұратын, 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

3. Бюсттің орналасу сызбасы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілуі тиіс.

4. Барлық графикалық жұмыстар 60х90 см планшетте беріледі.

Графикалық орындау әдістер – макеттің түсі, техникасы, материалы және бюст автордың өз қалауы бойынша орындалады.

Көрнекті түрде назарға ұсыну үшін барлық материалдар электрондық нұсқада қосымша ұсынылады.

2. Конкурстың шарттары

1. Конкурсқа қатысуға мүсіншілер және авторлық ұжымдар шақырылады.

2. Бюсттің материалы – қола. Натуралдық мөлшері – 2,0.

Бюсттің орнатылатын жері: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы.

3. Конкурсқа ұсынылатын материалдар «Облыста жаңа ескерткіштерді орнатуды реттеу және тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытынды әзірлейтін облыстық комиссияда» қаралып, аталған комиссияның оң қорытындысымен Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияның (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы №311 қаулысымен бекітілген) қарауына ұсынылатын болады.

4. Авторлар конкурс материалдарын «Қызылорда облысының мәдениет, архив және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне **2016 жылдың 25 маусымына** дейін ұсынулары қажет.

5. Конкурс жобалары алты таңбалы сандармен белгіленген шифрмен ұсынылады. Шифр конкурсқа ұсынылған жоба материалдарының, сондай-ақ конверттің оң жақ жоғарғы бұрышына жазылады (биіктігі 1 см). Жобаға қосымша желімделген конвертте авторлардың аты-жөні, тегі көрсетілген ақпараттық парақ тіркеледі.

Конкурс шарттары сақталмаған жобалар байқауға жіберілмейді және комиссияда қаралмайды.

6. Бағдарлама және конкурс шарттары бойынша ақпарат алу үшін төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады:

120001; Қызылорда қаласы, И.Тоқтыбаев орамы-2, құрылым №1 (бұрынғы әскери комиссариаттың шақыру пункті ғимараты) «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Тел.: 8 (7242) 27-86-84; 26-41-93; e-mail:ohranakzl@mail.ru

Іздеу салады

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Әуезов көшесі №10 үйдің тұрғыны 1979 жылдың 28 маусымында туылған Аяшов Ахан Аяшұлының 2014 жылдың 31 желтоқсанынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Аяшова Мейраш Абдикалыққызы іздеу салады.

Қармақшы аудандық сотының 2016 жылдың 24 мамырдағы үйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймыз: **8-724-37-2-29-95, 2-10-45.**

БІР ОТБАСЫНАН – ЕКІ “АЛТЫН БЕЛГІ”

Кешегі өткен Ұлттық бірыңғай тест тасбөгеттік Абай Өтегенов пен Ғалия Тоқмағанбетовалар отбасына үлкен қуаныш сыйлады. Олардың №176 мектепті биыл бітіріп жатқан қыздары Гүлдана Ноғай ҰБТ қорытындысында 117 балмен “Алтын белгі” иегері атанды.

– Біздің мектеп ұжымы Ноғай отбасын орынды мақтаныш етеді, – дейді мектеп директоры Қадыркүл Шаймағанбетова. – Себебі, осы мектепті өткен жылы бітірген қыздары Гүлжайна Ноғай ҰБТ қорытындысында 112 балл жинап, “Алтын белгі” иегері танылған-ды. Қазір Астанадағы медицинститутта оқиды. Биыл Гүлдана әпкесінің жеңісін қайталап, мектеп ұжымын қуанышқа тағы кенелтті. Жалпы, биыл мектепті 32 оқушы бітірді, оның біреуі үйден оқыды. ҰБТ-ға 18 бала қатысып, 73-117 аралығында балл жинады. Биылғы түлектеріміздің орташа балы 90,8 болып, қала мектептерінің арасында алғашқы бестікке ендік. Төрт түлек 100-ден жоғары балл жинады. Тағы бір шәкіртіміз Мөлдір Әзім “Үздік аттестат” иегері атанды. Ең қуаныштысы, бізде шекті балл, екі алған ешкім болмады.

Бойында білімге деген құштарлығы бар бала қай мектепте оқыса да, өзін таныта білетіні анық. Әрине, оқудың инемен құдық қазғандай екенін ескерсек, Гүлданаға бұл абыройлы мерей оңайлықпен келе қоймағаны мәлім. Бұл – оқумен, талмай ізденумен өткен ұйқысыз түндер, тынымсыз күндер нәтижесі. Ол мектептен тыс уақытта “Достық” білім беру орталығында дайындалды. Жергілікті және республикалық деңгейдегі түрлі пәндерден өткен олимпиадалар мен сайыстардың жүлдегері танылды, түрлі марапаттауларды иеленді. Гүлдананың айтуынша, оның осындай жетістіктерге жетуіне мектептегі ұстаздарының, әсіресе, биология және физика пәнінің оқытушылары Гүлнар Игенбаева мен Серіккүл Сыздықованың, сынып жетекшісі Жайнагүл Боранбаеваның сіңірген еңбегі ерекше. Мәселен, ҰБТ қорытындысында биологиядан 24 балл алды. Шәкірттерінің тілеуін тілеп жүрген ұстаздары мен мектеп басшысы өзінен бетер қуанды. Енді Гүлдана әпкесі Гүлжайна секілді медицина саласына қанат қақпақшы.

Әкесі, Ауған соғысының ардагері Абай мен анасы, мектеп ата-аналар комитетінің төрайымы Ғалияның бар арман-тілегі отбасындағы төрт баланың үстінде. Солардың қатарынан кем болмай, өздері қалаған мамандық иесі болуына қолдан келгенінше жағдай жасауға барын салып келеді. Үлкен ұлдары Мұқан әскери бөлімде қызмет істесе, кіші ұлы Нұрхан биыл бесінші сыныпқа көшті, оқу озаты.

Бір отбасынан шыққан екі “Алтын белгі” иегерлері Гүлжайна мен Гүлдана Ноғайдың болашақта өз елі, өз жұрты үшін талай асудан асары хақ.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА.
Тасбөгет кенті.

● ЖӘДІГЕР

БІР ҒАСЫР ТЕРБЕЛГЕН БЕСІК

Жүз жылға жуық қолданылып келген бесікті көргеніңіз бар ма? Атадан балаға мұра болып келе жатқан бұл бесікте Арал ауданы «Қамыстыбас» ауылының тұрғыны, Амановтар әулетінің күні бүгінге дейін барлық ұрпақтары тербеліп өсті десек, артық айтпаймыз. Осы әулеттің өз анасы Райхан апаның айтуынша, бұл бесік қарағайдан бір шеге қағылмай құрастырылған. Оны кейуананың қайын атасы Әлбатыр деген кісі өзі ұста болмаса да, осы бесікті шын көңілден ниеттеніп жасаған. Өйткені, Әлбатыр атадан туған тоғыз бала бірінен соң бірі шетіней беріпті. Ұзақ жылдар нәрестенің иісін аңсап жүрген қайынатасы бесікті жасағаннан кейін, көп уақыт өтпей балалы болып, олар тұрақтапты. Бұл шаңыраққа Үбайдулла және Айберген деген екі торсықтай ұл дүниеге келіпті.

Үбайдулла ақсақал – Райхан әженің құдай қосқан қосағы. Бүгінде екеуінен тараған ұл мен қыздың балалары, немерелері қасиетті бесікте тербелді.

– Бұл киелі бесікті біз әулетімізбен қадір тұтамыз. Қайын атамның қолымен жасалған бесікке оның шөпшегі бөленді. Дүниеге нәресте келетін күннен бастап оны балам Дәулет әдемілеп сырлап, майлап дайындап қояды. Баланы бесікке салмас бұрын ішісыртын адыраспанмен аластап, жабдықтарын жаңартып төсейміз. Қазір ол бесік қаладағы балам Ахметжанның үйінде тұр. Оларға бұл жәдігерді әрқашан қастерлеп, бойтұмардай күтіп ұстаңдар деп айтып отырамын. Себебі ол біздің әулет үшін құнды,– дейді Райхан әже.

Иә, өмірге келген сәбидің алғашқы отауы – бесік. Бесіктің пайдасы бүгінгі күнге дейін талай жазбаларға арқау болды. Әйгілі жазушы, білгір этнограф Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп, бесік тәрбиесін бүкіл елдік деңгейге көтергені мәлім.

Ел болу деген ұғымның аясы мен ауқымы өте кең. Біздіңше, бұған дініміз де, тіліміз де, бірлік-ынтымақ бауырмашылдығымыз да, өзге жұрттың соңында қалмай, тереземіздің теңелуі де, екі дүниеде бақытты ғұмыр кешудің бәрі де түгел сыйып кетеді. Ендеше бесікті әрқашан қадірлеп, Райхан әже секілді оны үйіңіздің төрінде ұстап, өз ұрпағыңызға мұра етіп қалдырыңыз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.
Суретте: **бір ғасырлық бесік.**

ОРАЛХАН ОҚУЛАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ

Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық кезеңі өтті.

Іріктеу кезеңіне Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласынан 18-35 жас аралығындағы 14 мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкері қатысты. Үміткерлер О. Бөкейдің және басқа да ақын-жазушылардың көркем және драмалық шығармаларын мәнерлеп оқыды.

Облыстық байқаудың іріктеу турына қатысушылардың өнеріне Қорқыт Ата атындағы ҚМУ қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов төрағалық етken қазылар алқасы баға берді. Олардың көркемсөз оқу шеберлігін анықтау барысында қазылар алқасы үміткерлердің көркем мәтінді оқуына, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахнада өзін-өзі ұстауына және сахналық киім сәніне мән берді.

Әр саладан қатысып отырған үміткерлер жоғары дәрежеде өнер көрсетіп, сайыс барысында белсенділік танытты. Қазылар алқасы үміткерлердің өнерін сараптай келе, Жаңақорған аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Динара Мұзарапты үздік деп таныды. Жеңімпазға осы жылдың қыркүйек айында өтетін республикалық байқауға жолдама берілді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ОҚИТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Арал қалалық М.Әуезов атындағы балалар кітапханасында Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай жергілікті ақын-жазушылардың «Сырдария кітапханасы» айдарымен жарық көрген «Оқитын кез келді» атты кітап көрме-инсталляциясы ұйымдастырылды. «Инсталляция» – ақын немесе жазушы шығармашылығынан туындаған кітаптардың дәстүрлі емес көрмесі дегенді білдіреді. Яғни, әр кітапханашы кітап көрмесін өз қиялындайдай, әртүрлі жағдайда орналастырады. Мысалы, мына кітап көрмесінен не аңғаруға болады? Мұнан әр оқырманның өз уақытын тиімді пайдаланып, кітап оқуға да уақыт бөлу керектігін аңғартады.

Көрмеге Аралдан түлеп ұшқан 12 ақын-жазушының шығармаларынан топтастырылған кітаптар қойылып, оқырман қауымға таныстырылды. Атап айтар болсақ, данғайыр ақын Нұртуған Кенжегұлұлының нақыл-өсиеттері, толғаулары енген 2 томдық шығармалар жинағы, шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылған жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы, қайсар қаламгер атанған ақұлы ақын Зейнолла Шүкіровтің сезімге бай лирикалық өлеңдері, Мешітбай Құттықовтың жыр-дастандары, фантаст-жазушы Абдул-Хамит Мархабаевтың «Шортан планетасы сен, кінәлісің» фантастикалық хикаяттары таныстырылды. Сондай-ақ, сазгер, күйші, ақын Мұрат Сыдықовтың өлең-жырлары, терме-толғаулары, ән-күйлері, жазушы Молдахмет Қаназдың әңгіме-повестері, Жақсылық Түменбаевтың «Ақтық демің біткенше» романы, ақын Шөмішбай Сариевтың жырлары, эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы» романы, Қази Данабаевтың «Сағыныш екен бала кез...» әңгімелері, ертегі-хикаяттары, жазушы Қуаныш Жиенбайдың шығармалары насихатталды. Оқырмандар көрме-инсталляциясынан орын алған әдебиеттермен жақынырақ танысып, кітап оқимыз деушілерге кітапхана есігі әрқашанда ашық екендігі атап өтілді. Кітап көрмесін кітапхана меңгерушісі, Мирамқұл Өтегенова мен кітапханашы Сағира Алдамбергеновалар ұйымдастырды.

Шолпан БАЛМАНОВА.
Арал қаласы.

АЛАЯҚТАР АРБАУЫНА ТҮСПЕЙІК

Атам қазақта “Өтірік деген дүшпан бар, отқа сүйреп салады” деген аталы сөз бар. Айтса айтқандай, бүгінгі таңда қаншама адамдар алаяқтардың арбауына түсіп, зардап шегуде десеңізші. Олар өздерінің азын-аулақ жиған-терген табыстарын алданумен алаяқтарға табыстап, тұрмыс тауқыметін тартуда. Осы санаттағы қылмыстың өсуіне алаяқтың құрбаны болар адамның сенгіштігі, жеңіл табыс көзін табамын деген сенімі себеп болады. Көбіне алаяқтың құрбаны жасы келген адамдар болып табылады.

Әдетте алаяқтардың басты нысаны ұялы телефондар мен ақшалай қаражат болсалау болып табылады. Мысалы, алаяқ ұялы телефон арқылы әлдекімге: “балаңыз, не туысыңыз қылмыс жасап, қамауға алынды, мен оны босатып беремін, пәлен мың теңге қаржы берсеңіз” деген жалған хабарлама жібереді. Бұл хабардың анық-қанығына жетпей аласұрған адам мәселе оң шешімін табар деген ниетпен алаяққа қомақты қаржы табыстап, опық жейді. Нақты деректерге жүгінейік.

Биылғы жылдың 21-қаңтар күні Қызылорда қаласының тұрғыны А. есімді азаматшадан арыз түсті. Онда 2015 жылдың 5-тамызы күні С. деген азаматша “Болашақ” университетіне түсіріп беремін деп 100000 теңге ақша алып, алдап кеткен. Осыған байланысты қалалық ішкі істер басқармасының құрылымдарымен аталған С. есімді азаматша ұсталып, ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабымен қылмыстық іс қозғалды.

Сондай-ақ, биылғы жылдың сәуір айының 16 күні Тәуке хан көшесінің тұрғыны С. есімді азаматшадан да арыз түсті. Онда өткен жылдың тамыз айының 20-сы күні өзінің М. деген танысы баласын медициналық колледжге оқуға түсіремін деп 1 млн 500 мың теңге ақша алып, осы уақытқа дейін қайтармаған. Аталған дерек бойынша да М. ұсталып, қылмыстық іс қозғалды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, алаяқтардың арбауына түспейік, ағайын. Ол үшін алаяқтардың қолданатын төмендегі жағдайлардан бойларыңызды аулақ ұстаңыздар:

- Жақын туысың, немесе балаңыз қылмыс жасап ұсталды, оны құтқаруға көмектесемін;
- Жүлделі ұтысқа ие болдыңыз. Көрсетілген нөмірге, болмаса мына есепшотқа ақша салыңыз;
- Банктерден ірі көлемде несие алуға көмектесемін;
- Арзан жер алып беремін;
- Кез келген мекемеге жұмысқа орналастыруға көмектесемін;
- Қала орталығында салынып жатқан тұрғын үйлерден несие арқылы пәтер алып беремін.

Қадірлі ағайын, қала аумағындағы алаяқтардың іс-әрекеттерін байқаған жағдайда дереу 102 нөміріне қоңырау шалып, полиция қызметкерлеріне хабарлауларыңызды өтінеміз. Өйткені, алшақ басып жүрген алаяқтарға тосқауыл қою – баршаның ісі.

С.АХМЕТОВ,
№14 учаскелік полиция бөлімшесінің инспекторы, полиция майоры.

«Өркениет» медицина колледжі 2016-2017 оқу жылына төмендегі мамандықтар бойынша талапкерлерді қабылдайды:

0301000 – «Емдеу ісі» мамандығы бойынша
- негізгі орта білім (9 сынып негізінде) – оқу мерзімі – 3 жыл 10 ай;
- жалпы орта білім (11 сынып негізінде) – оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай;

0302000 – «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша
- негізгі орта білім (9 сынып негізінде) – оқу мерзімі – 3 жыл 10 ай
- жалпы орта білім (11 сынып негізінде) – оқу мерзімі – 2 жыл 10 ай;

Емтихан тапсыратын пәндер:
9 сынып негізінде
- Биология (негізгі пән);
- Қазақ тілі.

11 сынып негізінде
- Биология (негізгі пән);
- Қазақ тілі;
- Қазақстан тарихы.

Қабылдау комиссиясы маусым айының 20-нан бастап жұмыс істейді.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 64 А. Байланыс телефоны: 70 02 88, 70 02 66, факс: 8 (7242) 70 02 88.

Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне орта басшы құрамының төмендегі көрсетілген лауазымдарына конкурстық негізде қызметке қабылдайтынын хабарлайды

ҚАЖ департаментінің сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету тобының бас маманы – 1 бірлік;

ЗК-169/1, ЗК-169/4 және ЗК-169/5 мекемелерінің орта басшы құрамының бос лауазымдық бірліктері; медицина бөлімінің дәрігер-терапевті – 2 бірлік, дәрігер-хирург – 1 бірлік, дәрігер-стоматолог – 1 бірлік, дәрігер-фтизиатр – 2 бірлік, дәрігер-рентгенолог – 1 бірлік, фельдшер – 2 бірлік; ЗК-169/1 мекемесінің режим және күзет бөлімінің бақылаушысы – 5 бірлік; ЗК-169/5 мекемесінің режим бөлімінің тексеру тобының бақылаушысы – 1 бірлік, бақылаушы кинолог – 1 бірлік.

Қойылатын біліктілік талаптары:
Қазақстан Республикасының азаматтығы, жасы 35-ке дейін, жоғары және орта медициналық білімі, әскери жарамдылығы.

Конкурс жайлы толық ақпаратты төмендегі мекен-жай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, №48 үй, тел.: 23-48-29.

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаменті.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған материалдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. **“АҚ”-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 25256
Тапсырыс № 651
Электронды оқылым – 28000.

● СПОРТ

ДӘСТҮРЛІ ТУРНИР ДАРАБОЗДАРЫ

Аймағымызда КСРО-ның спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тимур Сегізбаевтың жүлдесіне арналған футболдан жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті. Биыл сегізінші мәрте ұйымдастырылған дәстүрлі турнирге Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандардан 11 команда қатысып, өзара бақ сынасты.

Аяқдоп шеберлерінің тартысты бәсекесінде Қазалы ауданының командасы көш бастаса, екінші орынды Сырдария ауданы жеңіп алды. Ал келесі орынға Жаңақорған ауданының командасы тұрақтады. Жарыста белсенділігімен көзге түскен бірқатар ойыншылар «Үздік қорғаушы», «Үздік жартылай қорғаушы», «Үздік шабуылшы», «Үздік қақпашы» және «Үздік ойыншы» номинацияларымен марапатталды.

Сондай-ақ, турнирде «Белсенді ойыншы» номинациясын иеленген Қазалы спорт клубының тәрбиеленушісі Наурызбек Құланбекке Т.Сегізбаевтың шәкірті, Сыр футболының түлегі, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері Сұлтан Әбенов өзінің арнайы кубогын және Арал, Жалағаш аудандарының командаларына футбол доптарын салтанатты түрде табыстады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ВЕЛОШАБАНДОЗДАР САЙЫСЫ

Астана қаласында велоспорттың қарқынды түрлерінен ел чемпионаты өтті. Оған өңіріміздегі №3 облыстық велоспорт жөніндегі олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің тәрбиеленушілері қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсетті.

100 айналым топтық жарыста және 60 айналым скретч сайысында Бузин Карим бірінші орынға ие болса, Бауыржан Жаппар 20 айналым скретч жарысында бірінші келіп, топтық жарыста үшінші орынды қанжығалады.

120 айналым болатын мәдисон сынында Әзен Ғабиден мен Өмірбек Дінислам қола жүлделерді қанағат тұтты.

Ал 4 шақырымдық топтық додада жарысқа түскен Карим Бузин, Өмірбек Дінислам, Бағдат Жаңаберген және Әзен Ғабиден үшінші орынды еншіледі.

* * *

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Австрияның Лейбниц қаласында дзюдодан жастар арасында өткен Еуропа кубогында 60 келі салмақта сынға түскен Жақсыбек Жеңісбек топ жарды.

Әлемнің 33 елінен 500-ден астам спортшы қатысқан жарыста жерлесіміз жоғары нәтиже көрсетті.

Австрияда алтын иеленген спортшы қыркүйек айында Үндістанда өтетін Азия чемпионатына қатысады. Жас жеңімпазды жеңіске жетелеген бапкері Арман Молдаханов Жақсыбектің Азия аламанында да алда болатынына сенімді.

Шакизат СЫРЫМ,
ҚМУ-дың студенті.

8 (771) 300 30 03
КЕҢЕСТІК
КАЗВТОРЧЕРМЕТ
СОВЕТСКИЙ
Сынықтарды Более 33 000 күннен астам уақыт қабылдаймыз
дней принимаем лом
ТАРАЗЫМЫЗ ДӘЛ ТОЧНЫЕ ВЕСЫ